

11 Практикалық жұмыс

Жерді ұтымды пайдаланудың және қорғаудың құқықтық нормалары.

Топырақ қорғау шаралары ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, лесомелиоративтік және гидротехникалық болып бөлінеді. Осы шараларды кешенді жүргізу мелиоративтік және экономикалық тұрғыдан тиімді болып саналады.

XXҒ. 60-жылдарынан бастап альтернативті немесе биологиялық егіншілік түсінігі пайда бола бастады. Альтернативті егіншілік мақсаты құрамында агрохимикаттардың қалдық мөлшері болмайтын жоғары өнім алу және топырақ құнарлығы мен қоршаған ортаны сақтау. Альтернативті егіншілік концепциясы бойынша кез келген біртұтастық тұрғыдан қарастырылады. Мысалы топырақ - өте күрделі физикалық-химиялық және биологиялық процесстер өтетін жүйе тұрғысынан қарастырылады. Альтернативті егіншіліктің негізгі аспектісі болып топырақтың және эдафонның алғашқы құрылымын сақтау болып саналады.

Жер қорларының ластануы және құнарсыздануының көздері, себептері

Адамзат қоғамының дамуының экологиялық дағдарыстарының бірі дамыған өркениеттің өзінің мүмкіндіктерін топырақтың сортаңдануы нәтижесінде жоғалтқаны белгілі. Суармалы жерлердің 30% бөлігінде қайта (екіншілік) тұздану процесстері байқалады. Суарудың жетілдірілген технологияларын қолданумен қатар, жер асты суларының деңгейін көтерілуіне байланысты грунт суларын сорып алу арқылы сортаңданумен күресуге болады. Топырақты шаю арқылы да сортаңданумен күресуге болады. Кейбір жағдайда химиялық әдістер де жақсы нәтиже береді. Мысалы, топырақ бетінде жиналған зиянды тұздарды нейтралдау үшін гипстеу жүргізіледі. Бірақ бұл әдістер қымбат және антиэкологиялық. Жер ресурстарына зиян келтіретін (эрозия мен суарудан соң) үшінші үлкен фактор - бұл жердің азуы. Оның орын алу себептері - өніммен бірге қоректік заттардың әкетілуі. Топыраққа өніммен бірге әкетілетін қоректік заттарды қайтарудың анағұрлым экологиялық әдістеріне органикалық тыңайтқыштарды (көң, копост және т.б.) енгізу, шөп себу, пар жүйесі арқылы топырақты тынықтыру жатады. Топырақтың азуы ең алдымен органикалық заттың кемуімен байланысты.

Минералды тыңайтқыштарды пайдалану интенсивті егіншіліктің бөлінбес құрамды бөлігі. Ғалымдардың есептеулері бойынша минералдық тыңайтқыштардың пайдалану мөлшері шамамен бір адамға шаққанда жылына 90 кг. болуы керек.

Тапсырма:

1. Жерді ұтымды пайдаланудың және қорғаудың құқықтық нормалары
2. Жер қорларының ластануы және құнарсыздануының көздері, себептері
3. Интенсивті егіншілікке сипаттама реферат дайындау